

Астана қаласы әкімдігінің №52 «Еркетай» балабақшасы МКҚК



**Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын  
ұйымдастыруы және өткізуі**

e-mail:erketai52@mail.ru  
/ электронды почта/

**Астана қаласы, 2023 жыл**

## МАЗМҰНЫ

Мектепке дейінгі ұйымның өзін – өзі бағалау туралы бұйрығы.

Өзін – өзі бағалау туралы жоспары.

Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Өзін – өзі бағалаудың мақсаттары, міндеттері, объектілері.

- I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
- II. Кадрлық құрамға талдау
- III. Тәрбиеленушілер контингенті
- IV. Оқу-әдістемелік жұмыс.
- V. Оқу-материалдық активтер.
- VI. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры
- VII. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау
- VIII. Білім беру үдерісіне қатысушылардан сауалнама жүргізу
- IX. Кемшіліктер мен ескертулер, оның шешу жолдары
- X. Қорытындылар мен ұсыныстар

### 1 Қосымша

Құқықтық және құрылтай құжаттары:

- 1. Заңды тұлғаны тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік
- 2. Заңды тұлға өкілінің басшыны тағайындау туралы бұйрығы
- 3. Білім беру ұйымының жарғысы

Рұқсат құжаттары:

- 1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама

### 2 Қосымша

- 1. Жалпы педагогтардың құрамының штаттық саны туралы мәліметтер
- 2. Кадрлық қамтамасыз ету

### 3 Қосымша

- 1. 2020-2023 оқу жылдарына арналған балабақша мен шағын орталық тәрбиеленушілерінің контингенті

### 4 Қосымша

- 1. 2020-2023 оқу жылдарына арналған жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекеттер.
- 2. Ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке білім беру жоспарлары білім беру қажеттіліктері 2020-2023 жж
- 3. 2020-2023 оқу жылдарының перспективті жоспарлары мен циклограммалары.

### 5 Қосымша

- 1. Жабдық пен жиһаздың болуы туралы ақпарат.
- 2. Қаржылық есеп беруден негізгі құралдардың тізімі.

### 6 Қосымша

- 1. 2020-2023 оқу жылдарына мектепалды топ балаларының бала дамуының мониторингін (бастапқы, аралық, қорытынды) қамтамасыз ететін оқытудың нәтижелері .

Астана қаласы әкімдігінің №52 «Еркетай» балабақшасы ұйымының қызметін жетілдіру кезеңдерінің бірі ретінде өзін-өзі бағалауды қарастырады. Балабақшаның өзін-өзі бағалауының мақсаты – білім беру ұйымдарының білім беру бағдарламалары мен даму стратегияларын жүзеге асырудағы қызметінің тиімділігіне объективті, жан-жақты сыни талдау және өзін-өзі бағалай алу. Балабақшаның педагогикалық кеңесінің шешімімен өзін-өзі бағалау туралы шешім қабылданды.

## Мектепке дейінгі ұйымның өзін – өзі бағалау туралы бұйрығы

Астана қаласы  
әкімдігінің  
№52 «Еркетай»  
балабақшасы МКҚК



ГККП Ясли сад  
№ 52 «Еркетай»  
акимат города  
Астана

010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы,  
К. Күмісбеков көшесі 12/1 ұй, тел./факс(87172) 94-01-70

010000, город Астана, район Сарыарқа,  
ул. К.Кумисбекова д.12/1, тел./факс: (87172) 94-01-70

### БҰЙРЫҚ

30.01.2023ж. № 22/1

#### Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына, кезектен тыс 2023 жылғы 30 қаңтардағы педагогикалық кеңестің шешімін негізге ала отырып  
**«БҰЙЫРАМЫН»:**

1. Астана қаласы әкімдігінің №52 «Еркетай» балабақшасы МКҚК 28.02.2023-31.03.2023 ж.ж аралығында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында өзін-өзі бағалауы ұйымдастырылып өткізілген;

2. Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастырылып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:

Кенесова Айсулу Егизбаевна - балабақша меңгерушісі, комиссия төрайымы.

Ибраева Айдана Беркіновна - әдіскер, комиссия мүшесі.

Алжанова Лазат Алиакбаровна - шағын орталық әдіскері, комиссия мүшесі.

Калыкова Сара Кошқуловна - педагог-психолог, комиссия мүшесі.

Хожантаева Айгуль Рашидовна - денешынықтыру нұсқаушысы, комиссия мүшесі.

Менлибаева Акмарал Сланбековна – тәрбиеші, комиссия мүшесі.

Рзалиева Сауле Жеткергеновна - шағын орталық тәрбиешісі, комиссия мүшесі.

3. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс-шара жоспары бекітілсін. (1 қосымша)

4. Комиссияға бағалау өлшем шарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелсін;

Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.



Менгеруші:

А.Е.Кенесова

Таныстым:

*[Handwritten signatures]*

Ибраева А.В.  
Аджанова Г.И.  
Кочеткова С.К.  
Романова В.Р.  
Мухоморова А.  
Гамешева С.

## Өзін – өзі бағалау туралы жоспары.



### Астана қаласы әкімдігінің №52«Еркетай» балабақшасы МКҚК өзін-өзі аттестаттау жұмысының жоспары

№	Іс шаралар	Күні	Өткізу түрі	Жауаптылар
1	Кезектен тыс педагогикалық кеңесті ұйымдастыру. Өзін-өзі аттестаттау бойынша әдістемелік-нұсқаулық кеңес.	30.01.2023ж	Кезектен тыс педагогикалық кеңес	Менгеруші А.Е.Кенесова
2	Өзін-өзі аттестаттау жөніндегі сараптау комиссиясының құрамын тағайындау .	28.02.2023ж	Аттестаттау комиссиясының отырысы	Менгеруші А.Е.Кенесова Әдіскер А.Б.Ибраева Шағын орталық әдіскері Л.А.Алжанова
3	Білім беру ұйымының жалпы синагтамасы	01.03.2023ж	Отырыс менгерушінің қатысуымен	Әдіскер А.Б.Ибраева
4	Кадрлық құрамға талдау 2-қосымшаны толтыру	03.03.2023ж	Отырыс менгерушінің қатысуымен	Әдіскер А.Б.Ибраева
5	Педагогтардың білім деңгейі <ul style="list-style-type: none"> <li>• Тәрбиешілердің білім деңгейі</li> <li>• Педагогтардың біліктілік деңгейі</li> <li>• Педагогтардың біліктерін арттыру курстары</li> </ul>	10.03.2023ж	Отырыс менгерушінің қатысуымен	Әдіскер А.Б.Ибраева Шағын орталық әдіскері Л.А.Алжанова
6	Тәрбиеленушілер контингенті 3- қосымшаны толтыру	17.03.2023ж	Отырыс менгерушінің қатысуымен	Әдіскер А.Б.Ибраева
7	Оқу-әдістемелік жұмыс <ul style="list-style-type: none"> <li>• Оқу жұмыс жоспары</li> <li>• ҰІӘ кестесі</li> <li>• Күн тәртібі</li> <li>• Перспективалық жоспар</li> <li>• Циклограммалар</li> </ul>	17.03.2023ж	Отырыс менгерушінің қатысуымен	Әдіскер А.Б.Ибраева Шағын орталық әдіскері Л.А.Алжанова Психолог С.К.Калыкова денешынықтыру нұсқаушысы А.Р.Хожантаева Тәрбиеші А.С.Менлибаева Шағын орталық тәрбиешісі С.Ж.Рзалиева
8	Оқу-материалдық активтер. 4-қосымшаны толтыру .	24.03.2023ж	Отырыс менгерушінің қатысуымен	Әдіскер А.Б.Ибраева
9	Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры. 5-қосымшаны толтыру.	27.03.2023ж	Отырыс менгерушінің қатысуымен	Шағын орталық әдіскері Л.А.Алжанова
10	Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау мониторингі	29.03.2023ж	Отырыс менгерушінің қатысуымен	Әдіскер А.Б.Ибраева
11	Астана қаласы әкімдігінің №52«Еркетай» балабақшасы МКҚК-ның сайтына орналастыру.	31.03.2023ж	Балабақша сайтына енгізу	Менгеруші А.Е.Кенесова Әдіскер А.Б.Ибраева

## Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы.

### Кезектен тыс педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Астана қаласы әкімдігінің №52«Еркетай» балабақшасы МКҚК  
Кезектен тыс педагогикалық кеңес

Күні: 30.01.2023ж.

Қатысқаны: 36 педагог

**Тақырыбы:** Астана қаласының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес мемлекеттік аттестаттау шеңберінде №52«Еркетай» балабақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу.

#### Күн тәртібі:

1. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстыру .
2. Бағалау өлшем шарттарына сәйкес №52 «Еркетай» балабақшасының өзін өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия құрамын сайлау , бекіту .
3. Бағалау өлшем шарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс-шара жоспары құрылып бекіту .

#### Тындалды:

**Бірінші мәселе бойынша балабақшаның меңгеруші А.Е.Кенесова** сөз алды . Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес Астана қаласының білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттау өткізілетінін атап өтті .

Астана қаласының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген қосымшаға сәйкес 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын Астана қаласының білім беру ұйымдарының тізімімен таныстырды.

Осы тізімге сәйкес 2023 жылғы мамыр айында мектепке дейінгі ұйым аттестаттау рәсімінен өтеді деп сөзін аяқтады.

**Екінші мәселе бойынша әдіскер А.Б.Ибраева** сөз алып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іс асыратын білім беру ұйымдарының өзін өзі бағалау құрылымы қосымшасымен таныстырды.Өзін өзі бағалаудың мазмұны мен қажетті материалдарына қойылатын талаптардың құрамын атап өтті. Сонымен қатар балабақшаны өзін өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу кезінде өзін өзі бағалаудың мақсаттары, міндеттері, объектілері зерделеу комиссия кемінде 7 қызметкерінен тұратын комиссиямен жүргізуді ұсынылады .



Ұсыныстар енгізуді сұраймын. Балабақша әдіскері А.Б.Ибраева әдістемелік ұсынымға сәйкес

-Кенесова Айсұлу Егизбаевна - балабақша меңгеруші комиссия төрағалығына ұсынды.

- Алжанова Лазат Алиакбаровна - шағын орталық әдіскері ұсынысын берді комиссия мүшелеріне -

- А.Б.Ибраева әдіскер , Алжанова Лазат Алиакбаровна - шағын орталық әдіскері , Калькова Сара Кошкуловна - педагог-психолог , Хожантаева Айгуль Рашидовна - денешынықтыру нұсқаушысы , Менлибаева Акмарал Сланбековна – тәрбиеші , Рзалиева Сауле Жеткергеновна шағын орталық тәрбиешісі ұсынды .

Педагогикалық кеңестің құрамы келісетіндерін бірауыздан мақұлдады.

Дауысқа салынды:

- қарсы емес -36 педагог

- қарсы - жоқ

Үшінші мәселе бойынша әдіскер А.Б.Ибраева сөз алып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іс асыратын білім беру ұйымдарының өзін өзі бағалау өлшем шарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс-шара жоспары құрылып сонымен таныстырды. 2023 жылдың 30 наурызға дейін комиссия өзін-өзі бағалау қорытындысы педагогикалық кеңесте білім беру процессінің барлық қатысушыларының назарына жеткізілсін және нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес алдында есеп берілсін .

**Кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімі :**

1.Балабақшаны өзін өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы комиссия құрамы бекітілсін : Мерзімі :30.01.2023ж .

2.Бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін өзі бағалауын жүргізу бойынша іс жоспары бекітілсін : Мерзімі :30.01.2023ж .

3.Өзін өзі бағалау қорытынды бойынша қамқоршылық кеңес алдында есеп берілсін

Мерзімі :30.03.2023ж .

Жауаптылар: меңгеруші А.Е.Кенесова. , әдіскер А.Б.Ибраева .

Балабақша меңгерушісі



*Handwritten signature of A.E. Kenesova*  
*Handwritten signature of S.K. Kalykova*

А.Е.Кенесова.

С.К.Калыкова .

## Өзін – өзі бағалаудың мақсаттары, міндеттері, объектілері.

### Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалаудағы мақсаты:

Көрсетілетін білім беру қызметтерін мектепке дейінгі тәрбиелеудің оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жасау.

### Мектепке дейінгі ұйымның қызметін өзін-өзі бағалау міндеттері:

- Балабақшадағы тәрбиелеу және оқыту барысының жағдайы туралы толық мәлімдеме алу.
- МДМ-нің штаты, педагогтардың дәрежесін жоғарылату, олардың біліктілік талаптарына сәйкес келуін зерделеу
- Оқу-әдістемелік жұмыс зерделеу.
- 

## I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

### АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «№52 «Еркетай» БАЛАБАҚШАСЫ» ЖӘНЕ «ШАҒЫН ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

<b>Мекеменің атауы:</b>	Астана қаласы әкімдігінің «№ 52 «Еркетай» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
<b>Орналасқан жері</b>	Балабақшаның мекенжайы: 000001, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Кенжебек Күмісбеков көшесі, 12/1.
<b>Құрылған жылы</b>	2010 жылы 23 қыркүйек. Жобалық қуаты: 280 орын. Ғимараттың типтік сипаттамасы: 2 қабатты типтік ғимарат.
<b>Заңды тұлғаның байланыс деректері</b>	91-01-70 ,91-01-71 . e-mail: erketai52@mail.ru сайт: <a href="http://52erketai.kz/node/prikazy.html">http://52erketai.kz/node/prikazy.html</a>
<b>Оқыту тілі</b>	Мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылады - 12 топ және балабақша ішінде 2 топ шағын орталық . Оның ішінде: кіші топ - 1; ортаңғы топ - 4; ересек топ - 3; мектепалды топ – 4. Шағын орталықта ересек топ -1; мектепалды топ – 1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар саны-3
<b>Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері</b>	«№52 «Еркетай» балабақшасының меңгерушісі: Кенесова Айсулу Егизбаевна, білімі жоғары. 1.М.Маметова атындағы педагогикалық училищесі – 1985-1989 ж «Музыка пәні мұғалімі» 2.Алматы қаласы. Қазақ қыздар педагогикалық институты–1991-1996ж. «Музыка пәнінің мұғалімі, вокалдан қосымша мамандыру» 3.Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, 2016-2018 ж. «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» Жалпы еңбек өтілі 33 жыл, 6 ай . Педагогикалық өтілі 33 жыл,6 ай . Басшылық қызметі 7 жыл ,2 ай .Осы мекемеде 1 ай, 4 күн . 2022 жылғы 22 желтоқсанындағы № 559 бұйрықпен тағайындалған.
<b>Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары</b>	Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама: 3 ақпан 2023 жылы берілген. БСН: 100940009670, Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 23 қыркүйек 2010 жылы берілген.



<b>Жарғысы:</b>	«Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ 2023 жылғы 03 ақпандағы № 267/0 бұйрығына 51 - қосымша бекітілген.
<b>Рұқсат беру құжаттары</b>	Қызметті жүзеге асыруды басталғаны туралы хабарлама: №KZ65RVK00048205 берілген күні 27 наурыз 2023 жылы.
<b>Жер пайдалануға Акті</b>	Кенжебек Күмісбеков, 12\1 Астана қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 27 желтоқсандағы №107-226 қаулысы берген АН № 0277874, жер учаскесінің кадастерлік нөмірі: 21-319-016-752
<b>Медициналық лицензиясы</b>	Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасымен № 0159889, 02 азан 2012 жылы берілген

## **II. Кадрлық құрамға талдау**

Бағаланатын кезеңде балабақша педагогтарының кадрлық құрамы бекітілген штат кестесі негізінде жасақталады, штат санына сәйкес. Тәрбиешілер мен мамандар мемлекеттік қызметті орындау мақсатында тапсырыстар, штаттық кестеде педагогтардың штаттық бірліктері қарастырылған. Штат кестесіндегі тұрақтылық бағаланатын кезең үшін бақыланады.

№ 52 «Еркетай» балабақшасында 2023 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша педагогикалық қызметті 37 педагог жүзеге асырады: меңгеруші – 1, әдіскер – 2, педагог-психолог – 1, логопед -дефектолог – 1, дене шықтыру нұсқаушысы – 3, жүзу нұсқаушысы – 1, музыка жетекшісі – 3, тәрбиешілер – 25.

Балабақшаның ағымдағы қызметі функционалды түрде ұйымдастыруға жауапты тұлғалардың өкілеттіктері тағайындалған. Ішкі ережелер, нұсқаулықтар, күн тәртібі, мектепке дейінгі ұйымды дамыту бағдарламасы, жылдық жоспарлар, оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған іс әрекет кестесі, перспективалық жоспарлар, циклограммалар және т. б.

Балабақша қызметін педагогикалық кеңестер, әдістемелік отырыстар, өндірістік жиналыстар, басшы жанындағы кеңестер және ата-аналар жиналыстары арқылы бақыланады .

Жедел бақылау ата-аналармен жұмысты талдауды қарастырады, балалардың денсаулығын сақтау, балалардың тамақтануын талдау, құжаттаманы талдау топқа және т. б. қарастырылады.


№52 «Еркетай» балабақшасының қызмет мазмұнын көрсететін тәрбиеленушілер мен педагогикалық құрамына мониторинг жүргізіледі.

Қызметкерлердің еңбегі үшін қолайлы жағдайлар жасалған. жанжалды жағдайлары тіркелмеген, қызметкерлерден шағым түскен жағдайда, мәселе қаралып қорытынды жасауға мүмкіндік беріледі, балабақшада қолайлы психологиялық климат құрылған.

## Педагогтардың білім деңгейі

Педагогтардың білім деңгейі	Оқу жылы					
	2022-2023 оқу жылы	% көрсеткіш	2021-2022 оқу жылы	% көрсеткіш	2020-2021 оқу жылы	% көрсеткіш
<b>Барлық педагогтар саны</b>	<b>37</b>	<b>100%</b>	<b>39</b>	<b>100%</b>	<b>36</b>	<b>100%</b>
<b>Жоғары білімді</b>	<b>27</b>	<b>73%</b>	<b>33</b>	<b>85%</b>	<b>29</b>	<b>81%</b>
Мектепке дейінгі білім беру, жоғары білімді	3	8,1%	1	2.5%	0	0%
<b>Арнайы орта білімді</b>	<b>10</b>	<b>27%</b>	<b>6</b>	<b>15%</b>	<b>7</b>	<b>19%</b>
Мектепке дейінгі білім беру, арнайы орта білімді	5	13,5%	4	10.2%	4	11.1%


## Педагогтардың білім деңгейі диаграммасы



## Тәрбиешілердің білім деңгейі

Жалпы білімі бойынша	Оқу жылы					
	2022-2023 оқу жылы	% көрсеткіш	2021-2022 оқу жылы	% көрсеткіш	2020-2021 оқу жылы	% көрсеткіш
Барлық тәрбиешілер саны	25	100%	26	100%	25	100%
Мектепке дейінгі білім беру, жоғары білімді	0	0%	1	4%	0	0%
Мектепке дейінгі білім беру, арнайы орта білімді	4	15%	3	12%	3	12%
Тәрбиеші мамандығы бойынша қайта даярлау курсы куәлігі	21	85%	22	84%	22	88%
Мектепке дейінгі білім беру үлесі	25	100%	26	100%	25	100%


## Тәрбиешілердің білім деңгейі бойынша көрсеткіш диаграммасы



## Педагогтардың біліктілік деңгейі

оқу жылы	Барлық педагогтар саны	Педагог зерттеуші	Жоғары	Педагог сарапшы Бірінші	Педагог-модератор	Екінші	санатсыз	Үлесі %	
2022-2023	37	-	1	4	5	2	7	18	51,3%
2021-2022	39	-	1	4	5	2	13	14	64%
2020-2021	36	-	1	4	4	-	14	13	64%


## Педагогтардың біліктілік деңгейі бойынша көрсеткіш диаграммасы



## Педагогтардың біліктіліктерін арттыру курстары

Барлығы	Курстан өтпеген педагогтардың саны	Курстан өткен педагогтардың саны	Тәрбиеші	Логопед-Дефектолог	Психолог	Дене шынықтыру нұсқаушысы	Менгеруші	Орыс тілі маманы	Қазақ тілі маманы	Әдіскер	Музыка жетекшісі	Жүзу
<b>2022-2023 оқу жылы</b>												
37	4	33	25	1	1	3	1	0	0	2	3	1
100%	10%	90%										
<b>2021-2022 оқу жылы</b>												
39	12	27	17	0	1	3	1	1	0	2	2	0
100%	30%	70%										
<b>2020-2021 оқу жылы</b>												
36	17	19	10	0	1	3	1	1	0	1	2	0
100%	47%	53%										


## Педагогтардың біліктіліктерін арттыру курстары бойынша көрсеткіш диаграммасы



## Педагогтардың жас ерекшеліктер бойынша көрсеткіш диаграммасы

Педагогикалық өтілі	2020-2021 оқу жылы		2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы	
	саны	%	саны	%	саны	%
Барлығы	36	100%	39	100%	37	100%
20-30 жас	1	7%	2	24%	5	11%
31-40 жас	22	33%	24	18%	20	28%
41-50 жас	10	40%	9	29%	10	33%
51-65 жас	3	20%	4	29%	2	28%

## Педагогтардың жас ерекшеліктеріне қарай



**Қорытынды:** Педагог кадрлардың білім деңгейін талдау қорытындысы бойынша ағымдағы кезде педагогикалық қызметті **37** педагогтан құралған оның ішінде жоғары білімді **27– 73%**; арнайы орта білімді **10– 27 %**.

Барлық тәрбиешілер саны **25**, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру жоғары білімді **0%**; мектепке дейінгі білім беру арнайы орта білімді **4–15%**; Тәрбиеші мамандығы бойынша қайта даярлау курсы куәлігі **21 –85 %**;

МЖМБС талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің үлесі - **100%** құрайды.

Педагогтардың біліктілік деңгейі қорытындысы бойынша ағымдағы кезде **37** – педагогтан педагог-зерттеуші-0, жоғары санаты-1; педагог-сарапшы-4, бірінші санаты – 5; педагог-модератор-2, екінші санаты –7; педагогтардың біліктілік деңгей үлесінің көрсеткіші **52%** құрайды.

Педагогтардың біліктіліктерін арттыру курстарын талдау қорытындысы бойынша тәрбиеші – 23; логопед-дефектолог – 1; психолог – 1; денешынықтыру нұсқаушысы – 3; меңгеруші – 1; жүзу нұсқаушысы – 0; әдіскер – 2; музыка жетекшісі – 2 педагогтардың біліктіліктерін арттыру курстарының үлесі – **91.8 %** құрайды.

Салыстырмалы диаграммадан көріп отырғанымыздай ең жоғары көрсеткіш **біліктілікті** арттыру 2020 – 2023 оқу жылдары аралығында болды барлық біліктілікті арттыру курстары мен

семинарлар онлайн, офлайн режимінде өткізілді педагогтардың ең көп санын қамту мүмкіндігі болды. ҚР Білім және ғылым министірлігі «Өрлеу» біліктілігі арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы, ҚР Білім және ғылым министірлігі «Асыл тас» кәсіби білім беру орталығы, ҚР Білім және ғылым министірлігі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік курстары, «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталықтарынан балабақша педагогтары курстық дайындықтан өтті және педагогикалық шеберліктерін арттырды.

### **Кемшіліктер мен ескертулер:**

Педагогтардың сапалық құрамындағы өзгерістер мыналарға мекен – жайларының өзгеруі, бала күтіміне және балабақшаның мекен жайының орталықтан алшақтығына байланысты байқалады. Санаты жоқ 18 педагог - 48 % құрайды, бұл педагогтар жас мамандар, бала күтімінде демалыста отырып жұмысқа шыққандар, ҰБТ талаптарына сай ұпай санын жинай алмағандар, сонымен қатар педагогтарды аттестаттау ережесіне көрсетілгендей педагогикалық өтілі жетпегендер, бұл дегеніміз сапалы жоғары деңгейде білім беру процесін жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

### **Шешу жолдары:**

Педагогтардың кәсіби шеберлігінің өсуіне ықпал ету әдістемелік бірлестіктерге, біліктілікті арттыру курстарына қатысу, санаттың біліктілік деңгейін арттыру мақсатында аттестаттаудан өту.

*Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына электронды нұсқада қоса берілді (2-қосымша)*

### **III. Тәрбиеленушілер контингенті**

Балаларды мектепке дейінгі ұйымға қабылдау «INDIGO»24.kz, электрондық портал арқылы электронды жолдама негізінде жүзеге асырылады.

№52«Еркетай» балабақшасында 12 топ және балабақша ішінде 2 топ шағын орталық жұмыс жасайды. Мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылады - 12 топ және балабақша ішінде 2 топ шағын орталық; оның ішінде: кіші топ –1; ортаңғы топ - 4; ересек топ - 3; мектепалды топ – 4, шағын орталықта- ересек топ - 1; мектепалды топ – 1 .



Тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамы 2022 жылғы 1 қыркүйекке –345 баланы,шағын орталықта -36 бала.

2023 жылғы 4 қаңтарға –351 баланы,шағын орталықта -36 баланы құрады.

### Топтардың жас ерекшелігі бойынша

Топтар атауы және жас ерекшелігі	Жасы	01.09.2022 ж. Балалар саны	келгені	кеткені	04.01.2023 ж. Балалар саны
«Ақкөгершін»	кіші	24	5	1	28
«Күншуақ »	ортаңғы	32	0	2	30
«Жұлдыз»	ортаңғы	31	0	3	28
«Ақбөпе»	ортаңғы	31	4	0	35
«Балбөбек»	ортаңғы	31	1	3	29
«Айгөлек»	ересек	29	0	0	29
«Ботақан»	ересек	27	4	1	30
«Айналайын»	ересек	28	5	3	30
«Қарлығаш»	мектепалды	27	4	1	30
«Балапан»	мектепалды	27	4	3	28
«Балдәурен»	мектепалды	29	4	4	29
«Қошақан»	мектепалды	29	1	4	26
Шағын орталық «Қоңырау»	мектепалды	20	2	2	20
Шағын орталық «Еркетай»	ересек	16	2	3	15
<b>Барлығы</b>		<b>381</b>	<b>36</b>	<b>30</b>	<b>387</b>

Балабақшада тәрбиеленушілерінің тізімдік құрамының өзгеруі жас ерекшелігіне қарай топтарда 30 баланың шығуына және 36 баланың келуіне байланысты болды.

#### Қорытынды:

- балабақша мемлекеттік тапсырысқа сәйкес жасақталған;
- балалар контингентінің өзгеруі жас ерекшелігінің критерііне қарай қаралады;
- тәрбиеленушілер контингенті жаңа оқу жылының басындағы топтардың жинақталуына сәйкес өзгереді;

#### Кемшіліктер мен ескертулер:

- Индиго сайтында балабақшаға жолдама рәсімдеу кезінде көптеген ата-аналардың электронды келісімшарттар жасасуды білмеуі және дайын еместігі.

#### Шешу жолдары:

- балаларды мектепке дейінгі ұйымға кезекке қою және қабылдау мәселелері бойынша ата-аналардың құзыреттілігін арттыруға бағытталған әлеуметтік желілер арқылы ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу

*Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына электрондық нұсқада қоса берілді ( 3-қосымша)*

#### **IV. Оқу-әдістемелік жұмыс.**

№ 52 «Еркетай» балабақшасының оқу-әдістемелік жұмысы нормативтік құқықтық құжаттар Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады

#### **Тәрбие-білім беру процесі.**

Ұйымдастыру бойынша нормативтік-әдістемелік құжаттама және педагогикалық процесті 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы мектепке дейінгі ұйым жүйесіне енгізілген нұсқау әдістемелік хатқа сәйкес (перспективалық жоспар, циклограмма, мектеп жасына дейінгі балалардың дағдылардың дамуын бақылау бойынша құжаттар) жоспарланды

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен зейінін ашу.

Тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту

Тәрбиешілер тәрбие барысын жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларының, әдістері мен әдістерінің өзгергіштігі мен қолданылуын ескереді. Тәрбие-білім беру барысын ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

2022-2023 оқу жылында оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған іс әрекет кестесі, ұйымдастырылған іс-шаралар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы бұйрығы, 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес әзірленеді .

Бірінші педагогикалық кеңесте тәрбиешілер мен мамандардың перспективалық жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған іс – әрекет кестесі

бекітілді. Басқада балалар әрекетінің әртүрлі әрекеттері ұйымдастырылған іс-шаралар циклограммасында күн тәртібіне сәйкес күні бойы жүзеге асырылады. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде дене шынықтыру, жүзу, қазақ тілі, музыка пәндері бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер және мектепалды топтарында апта сайынғы 20 сағат жүктеме белгіленген, олар мектепке дейінгі ұйымның жұмыс кестесіне сәйкес өткізіледі. Басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер циклограммаларда белгіленеді және балалар әрекетінің әртүрлі түрлері арқылы күнделікті тәртіпке сәйкес күні бойы жүргізіледі.

Іс-әрекетті біріктіруді педагогтар ойын түрінде балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлері (ойындық, қимыл-қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеушілік, еңбек) арқылы Үлгі оқу бағдарламасының мазмұнын ескере отырып, оның ішінде оқытудың бағытын ескере отырып ұйымдастырады. Балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке баулу міндеттерін жүзеге асыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымның жұмысы жүргізіледі.

### Инновациялық қызмет

#### «Бестемше» қазақтың ұлттық ойыны

**Жобаның мақсаты:** Әлемдік мәдениетінің озық үлгілері мен бой теңестіре алатын рухани ойын, қисындық ойлау өнері. Балабақшамыздың рухани жаңғыру аясында жаңа инновациялық технология негізінде «Бестемше» ойынын балабақшада қолға ала отырып, жаңғыртудың негізгі мақсаты- Қазақстан халқының рухани мәдени құндылықтарын сақтау мен арттыру.

#### Жобаның міндеті:

1. Баланың арифметикалық қабілетін ашып, зердесін шыңдауға мүмкіндік береді.
2. Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып жайлы және қауіпсіз дамытушы білім беру ортасын құру.
3. Баланың рухани әлеуетін ашу, толық дамыту, ойын арқылы өмірлік маңызды дағдыларын қалыптастыру, көркем мінезді тәрбиелеу.

**Инновациялық жобаны іске асыру мерзімі:** қысқа мерзімді 2022-2023 о.ж.

Жоба бойынша білім алушы топтардың атауы, жас ерекшелігі	Жоба бойынша білім алушылар контингенті	Оқыту тілі	Жоба бойынша 1 жартыжылдық мониторингісі	Жобаға қатысушылардың педагогтар саны	Білім деңгейі	Біліктілік санаты	Жоба аясында өткізілген іс-шаралар
«Қарлығаш» мектепалды тобы	29	Қазақ тілінде	Жоғары – 28% Орташа – 50 % Төмен -22 %	1	Жоғары	2 санат	Балабақша ішілік семинар Тәжірибе алмасу:
«Балапан» мектепалды тобы	27	Қазақ тілінде	Жоғары – 54% Орташа – 34 % Төмен - 12 %	1	Жоғары	санатсыз	
«Балдаурен» мектепалды тобы	29	Қазақ тілінде	Жоғары – 37% Орташа – 44 % Төмен - 19 %	1	Жоғары	Педагог-сарапшы	

«Қошақан» мектепалды тобы	29	Қазақ тілінде	Жоғары – 40% Орташа – 35 % Төмен -25 %	1	Жоғары	2 санат	
---------------------------	----	---------------	--	---	--------	---------	--

### Жоба бойынша SWOT-талдау:

Әлсіз жақтары: Білікті кадрлардың жетіспеушілігі;

Күшті жақтары: Балалардың сөздік қорларын байытып, шығармашылық қабілеттерін дамытады

Қауіптер: Кадрлардың тұрақтамауы.

Мүмкіндіктер: Педагогтардың кәсіби біліктілігін, шеберлігін арттыру;

### «ШАШУ» Мектепке дейінгі балаларға арналған оқу-танымдық кешені

«ШАШУ» Мектепке дейінгі балаларға арналған оқу-танымдық кешенін мектепалды топтарында, 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес қарым-қатынас іс-әрекетін дамыту мақсатында қазақ тілі ұйымдастырылған іс – әрекетіне кіріктіріліп жобаны жүзеге асыру жөнінде бірінші педагогикалық кеңесте қаралып бекітілді

**Жобаның мақсаты:** Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.

Жобаның міндеті:

1. Жобалау әрекетін ұйымдастыруға «ШАШУ» Мектепке дейінгі балаларға арналған оқу-танымдық кешені материалдарын балалардың жас және даму ерекшеліктеріне қарай іріктеп алу;
2. Жобалау әрекетінде «ШАШУ» мен қазақ тілі материалдарымен кіріктіре отырып қолдану;
3. Жобалау әрекеті арқылы сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;

**Инновациялық жобаны іске асыру мерзімі:** қысқа мерзімді 2022-2023 о.ж.

Жоба бойынша білім алушы топтардың атауы, жас ерекшелігі	Жоба бойынша білім алушылар контингенті	Оқыту тілі	Жоба бойынша 1 жартыжылдық мониторингісі	Жобаға қатысушылардың педагогтар саны	Білім деңгейі	Біліктілік санаты	Жоба бойынша педагогтердің жетістігі
«Қарлығаш» мектепалды тобы	29	Қазақ тілінде	Жоғары – 45% Орташа – 35 % Төмен -20 %	1	Жоғары	2 санат	Сертификат «Білім беру мазмұнының жаңарту негізінде «ШАШУ»
«Балапан» мектепалды тобы	27	Қазақ тілінде	Жоғары – 54% Орташа – 34 % Төмен - 12 %	1	Жоғары	санатсыз	оқу танымдық кешен жобасымен жұмыс жасау»
«Балдаурен» мектепалды тобы	29	Қазақ тілінде	Жоғары – 47% Орташа – 43 % Төмен - 10 %	1	Жоғары	Педагог-сарапшы	
«Қошақан» мектепалды тобы	29	Қазақ тілінде	Жоғары – 48% Орташа – 35 % Төмен -17 %	1	Жоғары	2 санат	

### **Жоба бойынша SWOT-талдау:**

Әлсіз жақтары: Білікті кадрлардың жетіспеушілігі;

Күшті жақтары: Балалардың сөздік қорларын байытып, шығармашылық қабілеттерін дамытады

Қауіптер: Кадрлардың тұрақтамауы.

Мүмкіндіктер: Педагогтардың кәсіби біліктілігін, шеберлігін арттыру;

### **Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тәрбие-білім беру үдерісі**

Балабақшада педагог-психолог жүзеге асыратын тәрбие білім беру үдерісіне психологиялық сүйемелдеу жүргізіледі. Білім беру процесін психологиялық қолдаудың негізгі мақсаты: балалардың психикалық процестерін дамыту және олардың психологиялық денсаулығын дамыту.

Педагог-психолог келесі бағыттарда жұмыс жүргізеді:

- Жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңін психологиялық қамтамасыз ету.
- Мектеп жасына дейінгі балалардағы танымдық процестердің даму ерекшеліктерін зерттеу.
- Ата-аналармен консультациялық жұмыс.
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық педагогикалық сүйемелдеу.

Балабақшада кәсіби психологиялық қызмет үшін қолайлы жағдайлар жасалған, олар білім беру процесін психологиялық қолдаудың мақсаттары мен міндеттерін тиімді жүзеге асыруға тікелей әсер етеді (кабинеттің болуы, оны жабдықтау, білім беру ойындарының болуы, дидактикалық материал, компьютердің болуы), бұл өз кезегінде психологтың тікелей жұмысының сәттілігі мен тиімділігін айтарлықтай дәрежеде анықтайды.

Балалардың психологиялық даму ерекшеліктерінің алдын алу үшін балабақшада келесі іс-шаралар өткізіледі:

- бала балабақшаға түскенге дейін ата-аналармен жеке әңгімелер;
- топтық жиналыстар;
- әр баланың жеке бейімделуіне болжам жасауға және ата-аналардың да, топ тәрбиешілерінің де балаға қатысты дұрыс мінез-құлық моделін жасауға мүмкіндік беретін ата-аналардың сауалнамасы;
- әр балаға бейімделу парақтарын толтыру, содан кейін бейімделу кезеңінде балабақшаға барудың жеке режимін жасау;
- тәрбиешілерге бейімделу кезеңін ұйымдастыру бойынша кеңестер беру;
- ата-аналарға арналған кеңестер;
- топта жағымды психологиялық климат құруға, қолайлы даму ортасын ұйымдастыруға көмектесу.

## **Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.**

1. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық педагогикалық сүйемелдеу мыналарды қамтиды:
  - 1.1 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау;
  - 1.2. Ерекше білім  
беру қажеттіліктері бар балалардың педагогтер мен отбасына консультациялық-әдістемелік көмек көрсету;
  - 1.3. Ерекше білім  
беру қажеттіліктері бар балаларды табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау;
2. Мектепке дейінгі білім беру деңгейлерінде психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды қамтамасыз етуді білім беру ұйымының педагогтері мен мамандары жүзеге асырады.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді тәрбиеші ұйымдастырылған іс-әрекет процесінде жүзеге асырады, педагог-психолог және дефектолог ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдары негізінде жеке ҰІӨ ұйымдастырады.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны келесі әлеуметтік психологиялық және педагогикалық жағдайларды қамтиды: түзету тобында ерекше балаларды оқыту және тәрбиелеу.

Жыл сайын жалпы білім беретін топтарда (ЗІР, сөйлеу бұзылыстары, басқа да бұзылулар) бар балалардың саны артып келеді және ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата аналарының сұранысы («Нұр-Сұлтан қаласының білім басқармасы» ММ Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған инклюзивті топтар ашу туралы 15.09.2019 ж. № 566)

№52 «Еркетай» балабақшасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті топтар өз жұмысын 2023 жылдың 2 ақпанынан бастады.

**Негіздеме:** Астана қаласы білім басқармасының мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды инклюзивті топтарға енгізу туралы ақпан 2023 жылғы № 199 бұйрығы.

**02.02.2023** жылғы жағдай бойынша инклюзивті топтардағы ПМПК қорытындысымен диагнозы бар 3 бала.

<b>Топтар</b>	<b>2022-2023</b>
Ақбөпе ортаңғы	<b>1</b>
Күншуақ ортаңғы	<b>1</b>
Балдаурен мектепалды	<b>1</b>
<b>Барлығы:</b>	<b>3</b>



Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу және оқу үдерісі кезең-кезеңімен құрылады: қалалық ПМПК қорытындысы тіркеледі, балаға бақылау және диагностика жүргізіледі. Балабақшаның психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу отырысында баланың диагнозы бойынша және олардың бастапқы бұзылмаған интеллектісін ескере отырып бекітіледі.

Мамандар инклюзивті топтарда жұмыс жасайтын тәрбиешілерге ұсыныстар береді. Тәрбиешілер өз жұмысында балалардың қозғалыс белсенділігін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын пайдаланады әрекет, ойын, түзету элементтерін біріктіру.

Циклограммада тәрбиешілер күннің екінші жартысында балалармен «жеке жұмыс» блогында психикалық және танымдық процестерді, ұсақ моториканы және т.б. дамытуға арналған ойындарды пайдалана отырып бейнелейді (дәптерге сәйкес, тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы).

### **Қорытындылар:**

2020-2023 оқу жылдарындағы оқу-әдістемелік жұмыс секциясында ұжымның жұмысын талдай келе, мынадай қорытынды жасауға болады:

Оқытуда инновациялық әдістер мен тәсілдерді енгізу және пайдалану, озық тәжірибені жалпылау, мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру стандартын толық көлемде енгізу, педагогтардың кәсіби біліктілік деңгейін арттыру, білім берудің жаңашылдық деңгейін арттыру мақсатында мақсатты жүйелі жұмыстар жүргізілді.

### **Кемшіліктер мен ескертулер:**

Күрделі диагнозы бар балалармен жұмыс істеу кезінде тәрбиешілер мен педагогтардың психологиялық дайындығының жоқтығы. Барлық ата-аналар дер кезінде түзету жұмыстарының маңыздылығын әлі түсіне бермейді.

### **Шешімдері:**

Диагнозды ескере отырып, балаларға дифференциалды түрде жақындау. Инклюзивті тәсілді жүзеге асыруда педпгогтарға ақпараттық, әдістемелік және психологиялық көмек көрсету. Инклюзивті топтар үшін аптасына бір реттен кем емес инклюзивті практика бағытында ата-аналармен жұмыстың әртүрлі нысандарын жоспарлау. Инклюзивті білім берудегі мамандарға әрқайсысының кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруды жалғастыру. Ата-аналардың сауаттылығы мен сауаттылығын арттыруды жалғастыру.

*Электронды нұсқада жұмыс оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған жеке оқу жоспары және 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылына арналған перспективалық жоспарлар мен циклограммалар қоса берілген. (4 қосымша)*

## **V. Оқу-материалдық активтер.**

### **Мектепке дейінгі ұйым туралы негізгі ақпарат:**

Астана қаласы әкімдігінің «№52 «Еркетай» балабақшасы» МКҚК

**Ғимарат типі:** типтік, 2 қабатты

**Салынған жылы:** 2010 жыл.

Қолдануға берілген жылы - 2010 жылы ,23 қыркүйек .

**Балабақшаның жоба қуаттылығы:** 280

**Шағын орталық: 40 бала**  
Күрделі жөндеу қажеттілігі бар

### **Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат**

«№52 «Еркетай» балабақшасының Жарғысында айқындалған мақсаттар мен міндеттеріне сәйкес мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасы бойынша кабинеттер, залдар мен топтық бөлмелер қажетті жабдықтармен жабдықталған.

